

ОСВ-96 12,7-мм мергендік винтовкаларын импорттауға рұқсат ету туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 26 қыркүйек N 1056

"Экспорттық бақылау туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 18 маусымдағы Z960009_ Заңына және "Қазақстан Республикасында тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) экспорты мен импортын лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 30 маусымдағы N 1037 P971037_ қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің "Қазарнаулыэкспорт (Қазарнаулыэкспорт)" республикалық мемлекеттік кәсіпорнына (бұдан әрі - "Қазарнаулыэкспорт") "Қазарнаулыэкспорт" РМК мен "Аспаптар жасау конструкторлық бюросы" мемлекеттік біртұтас кәсіпорны компаниясы (Ресей Федерациясы) арасында 2002 жылғы 8 шілдеде жасасқан N КВР6156120903/135 келісім-шартқа сәйкес ПОС-13х60 (СЭҚ ТН коды 930 100 000) оптикалық көздегіші бар 2 (екі) 12,7-ММ ОСВ-96 мергендік винтовканы импорттауға рұқсат етілсін.

2. Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі

"Қазарнаулыэкспорт" РМК-ға осы қаулының 1-тармағында көрсетілген арнайы бұйымдарды импорттауға заңнамада белгіленген тәртіппен лицензия берсін.

3. Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі Қазақстан Республикасының кедендік заңнамасында белгіленген тәртіппен жоғарыда көрсетілген өнімнің бақылануын және кедендік ресімделуін қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Мамандар:

Багарова Ж.А.,

Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК